




## **Оқу мақсаттары:**

5.1.2.16 жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру.

## **Сабақ мақсаттары:**

- Бөлімдері бірдей және әр түрлі бөлшектерді салыстыра алады;
- Алымдары бірдей және әр түрлі бөлшектерді салыстыра алады;
- Бөлімдері де, алымдары да әр түрлі бөлшектерді салыстыруды біледі
- Аралас сандарды салыстыруды біледі.



- Жай бөлшек дегеніміз не?
- Бөлшектің алымы дегеніміз не?
- Бөлшектің бөлімі дегеніміз не?
- Жай бөлшектерді қалай азайтамыз?
- Жай бөлшектерді қалай қосамыз?
- Ең кіші ортақ бөлім дегеніміз не?
- Бұрыс бөлшек дегеніміз не?
- Дұрыс бөлшек дегеніміз не?







# Жеке жұмыс



| Аралас сандар    | Бұрыс бөлшектер |
|------------------|-----------------|
| $10\frac{2}{5}$  |                 |
| $3\frac{12}{25}$ |                 |
| $8\frac{3}{8}$   |                 |
| $33\frac{1}{3}$  |                 |



# Жеке жұмыс



$$\frac{2}{3}$$

$$\frac{3}{2}$$

$$\frac{5}{4}$$

$$\frac{12}{10}$$

$$\frac{13}{13}$$

$$\frac{30}{25}$$

$$\frac{15}{15}$$

$$\frac{8}{12}$$


$$\frac{6}{4}$$

$$\frac{15}{12}$$



# I. Бөлімдері бірдей бөлшектерді салыстыру:


1-мысал: Мына шеңбер неше бөлікке бөлінген және неше бөлігі боялған? Боялған бөлігін бөлшекпен жазыңыз.



**Анықтама:** Бөлімдері бірдей бөлшектердің қайсысының алымы үлкен болса, сол бөлшек үлкен болады

## II. Алымдары бірдей бөлшектерді салыстыру:

2-мысал: Мына шаршы неше бөлікке бөлінген және неше бөлігі боялған? Боялған бөлігін бөлшекпен жазыңыз




**Анықтама:** *Алымдары бірдей бөлшектердің қайсысының бөлімі кіші болса, сол бөлшек үлкен болады.*



### III. Аралас сандарды салыстыруу:

1)

3-мысал: Мына фигураларды аралас санмен өрнектеңиз?




***Анықтама:*** Аралас сандарды салыстырғанда бүтін бөліктерін салыстырамыз, бүтін бөлігінің қайсысы үлкен болса, сол бөлшек үлкен болады.

### III. Аралас сандарды салыстыру:

2)

4-мысал: Мына шаршыларды аралас санмен өрнектеңіз?




*Анықтама: Бірдей бүтін бөліктері бар екі аралас сандардың ішінен үлкені бөлшегі бөлігі үлкені болады.*

## IV. Бөлімдері де, алымдары да әр түрлі бөлшектерді салыстыру:

1)

5-мысал:



*Бөлімдері де, алымдары да әр түрлі бөлшектерді салыстыру үшін бөлшектерді ортақ бөлімге келтіріп, бөлімдерін теңестіріп алып, салыстырамыз.*



**8/3**

# ТӨПТІГІ ЖҮМБІС:

## Сөзжұмбақ шешу:

1. Алымы бөліміне тең немесе алымы бөлімінен үлкен бөлшек.
2. Бөлшек сызығының астындағы сан.
3. Бөлшек сызығының үстіндегі сан.
4. О нүктесінен бірдей қашықтықтағы нүктелерден құралған тұйық сызық.
5. Ең кіші жай сан.
6. Координаталық сәуледегі таңдап алынған кесінді.





# ЖҮПТІК ЖҮМЫС:



## «Сиқырлы сандықша»

1. Сандықшада әр елге есептер бар, есептерді шығарып, келісіп, келіспейтінін айтады/


2. Тұжырым кезеңі

1. Бөлімдері бірдей жай бөлшектердің қайсысының алымы кіші болса, сол жай бөлшек кіші, қайсысы үлкен болса, сол жай бөлшек үлкен болады.

2. Бөлімдері әртүрлі бөлшектерді салыстыру үшін, ортақ бөлімге келтіріп, бөлімдері бірдей бөлшектерді салыстыру ережесін қолданамыз.

3. Егер аралас сандардың бүтін бөліктері бірдей болса, бөлшектерді салыстыру ережесі бойынша олардың бөлшек бөліктері салыстырылады.

4. Егер аралас сандардың бүтін бөліктері әртүрлі болса, онда бүтін бөлігі үлкен аралас сан үлкен, ал бүтін бөлігі кіші аралас сан кіші болады



1. Бөлімдері бірдей жай бөлшектің қайсысы үлкен?
2. Алымдары бірдей жай бөлшектің қайсысы үлкен, қайсысы кіші?
3. Бөлімдері әр түрлі бөлшектер қалай салыстырылады?
4. Аралас сандарды салыстыруды түсіндіріңдер?



# Үй тапсырмасы

*№ 480 есен, 170 бет*

5+





*Бүгінгі сабақтағы өз жұмысыңды төмендегі жауаптардың біреуін таңдау арқылы бағалаңыз*

**Сабақтың күрделілігін бағала.**

**Сізге сабақ...**

**-жеңіл**

**-қарапайым**

**-қиын**

**Материалды меңгеру дәрежеңізді бағалаңыз:**

**- толық меңгердім**

**- бүгінгі сабақты жартылай түсіндім**

**- бүгінгі сабақты түсінбедім**

**5+**



Сабақ аяқталды!

